

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
КеАҚ «Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
НАО «ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА»

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
NJSC «L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY»



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН  
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫ:  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ,  
«НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:  
ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ»  
ПОСВЯЩЕННАЯ ДНЮ НАЦИОНАЛЬНОЙ ВАЛЮТЫ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE,  
«NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:  
ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES»  
DEDICATED TO THE DAY OF THE NATIONAL CURRENCY  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



13 ҚАРАША, 2024 АСТАНА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА**

**MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ  
ВАЛЮТАСЫ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ  
ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»**

**Қазақстан Республиканың ұлттық валюта күніне арналған  
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ**

**13 қараша 2024 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

**Международной научно-практической конференции,  
«НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:  
ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ»  
посвященной дню Национальной валюты Республики Казахстан  
13 ноября 2024 год**

**COLLECTION OF MATERIALS**

**International scientific and practical conference,  
«NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:  
ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES»  
dedicated to the Day of the National Currency of the Republic of Kazakhstan  
November 13, 2024**

**ASTANA, 2024**

**УДК 336.743 (574)**  
**ББК 65262.6 (5Қаз)**  
**Ж 14**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы = Международная научно-практическая конференция «Национальная валюта Республики Казахстан: экономический рост и финансовые технологии» = International scientific and practical conference «National currency of the Republic of Kazakhstan: economic growth and financial technologies» - Астана: – 688 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

**ISBN 978-601-7697-82-2**

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы күніне арналған "Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары" тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағында жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттер өткізген өзекті және проблемалық мәселелер бойынша авторлық зерттеулердің нәтижелері ұсынылған. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сондай-ақ қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырмандардың кең ауқымына арналған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции, посвященный дню национальной валюты Республики Казахстан на тему «НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ» представлены результаты авторских исследований по актуальным и проблемным вопросам, проведенных молодыми учеными, докторантами, магистрантами и студентами. Издание предназначено для студентов, магистрантов, докторантов, а также для широкого круга читателей, занимающихся актуальными проблемами современной науки.

The collection of materials from the international scientific and practical conference dedicated to the Day of the National Currency of the Republic of Kazakhstan on the topic "NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES" presents the results of the author's research on current and problematic issues conducted by young scientists, doctoral students, master's students and students. The publication is intended for students, master's students, doctoral students, as well as for a wide range of readers involved in current issues of modern science.

**УДК 336.743 (574)**  
**ББК 65262.6 (5Қаз)**

**ISBN978-601-7697-82-2**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

**УДК 336.743 (574)**  
**ББК 65262.6 (5Қаз)**  
**Ж 14**

**Рецензенттер:**

Алина Г.Б. - ҚР БҒМ БҒСБК қауымдастырылған профессоры, Esil University мекемесінің «Бизнес және басқару» факультетінің деканы

Мажитов Д.М. – экономика ғылымдарының кандидаты, «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ профессоры

**Редакциялық алқа:**

Жағыпарова А.О. – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультетінің деканы, Астана қ.

Мақыш С.Б. – экономка ғылымның докторы, профессор, Esil университетінің бірінші проректоры – академиялық мәселелер жөніндегі проректор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ диссертациялық кеңесінің төрағасы, Астана қ.

Бұлақбай Ж.М. – экономика ғылымдарының кандидаты., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі, Астана қ.

Майдырова А.Б. – экономка ғылымның докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының меңгерушісі, Астана қ

Сембиева Л.М. – экономка ғылымның докторы, профессор, ЕҰУ «Мемлекеттік аудит» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Аманова Г.Д. - экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Есеп және талдау» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Муталиева Л.М. – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Мухияева Д.М. –Phd докторы қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Менеджмент» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

**ISBN 978-601-7697-82-2**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. – Астана: "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2024. – 699

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Национальная валюта Республики Казахстан: экономический рост и финансовые технологии» . – Астана: НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2024. – 699

Works of the International scientific and practical conference «National currency of the Republic of Kazakhstan: economic growth and financial technologies» . – Astana: NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2024. – 699

**ISBN 978-601-7697-82-2**

**УДК 336.743 (574)**  
**ББК 65262.6 (5Қаз)**

© "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2024  
© НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2024  
© NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2024

органдар үшін де, қоғам үшін де неғұрлым ашық және түсінікті етеді. Қаржылық операциялардың ашықтығы қоғамның үкіметтік құрылымдарға сенімін арттыру үшін маңызды элемент болып табылады.

Ақырында, негізгі артықшылықтардың бірі ЖИ заңнамадағы өзгерістерге бейімделу қабілеті болып табылады. Қаржылық реттеулер мен нормативтік актілер жиі өзгеруі мүмкін және ЖИ жаңа талаптарға сәйкес келу үшін өз процестерін тез әрі икемді жаңартуға қабілетті. Бұл мемлекеттік органдарға құқықтық ортадағы өзгерістерге тиімді ден қоюға және есептіліктің жоғары стандарттарын қолдауға мүмкіндік береді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. <https://intosajournal.org/journal-entry/artificial-intelligence-preparing-for-the-future-of-audit/>
2. [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=37724730&pos=3;-108#pos=3;-108](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37724730&pos=3;-108#pos=3;-108)
3. [https://www.ey.com/ru\\_kz/assurance/why-ai-is-both-a-risk-and-a-way-to-manage-risk](https://www.ey.com/ru_kz/assurance/why-ai-is-both-a-risk-and-a-way-to-manage-risk)
4. <https://deloitte.ai/login?returnUrl=%2F>

#### **УДК 302.02**

### **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ПЕН ЕСЕПТІҢ РӨЛІ: ЖЕТІСТІКТЕР МЕН МӘСЕЛЕЛЕР**

*Саржақова Ж.Р.*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: [zhannasarzhakova@gmail.com](mailto:zhannasarzhakova@gmail.com)

*Ғылыми жетекші:* Шамишева Н.К., э.ғ.к., Менеджмент кафедрасы доценті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Қазақстанның қаржы секторын трансформациялау барысындағы мемлекеттік аудит пен есеп жүйесінің рөлі талқыланады. Мемлекеттік аудит пен есеп бюджеттік ресурстардың тиімділігін бақылау және қаржылық есептіліктің дұрыстығын қамтамасыз ету арқылы қаржы жүйесінің ашықтығын арттырады. Мақалада банк секторының несиелендіру тәуекелдері, сақтандыру мен қор нарығының дамуының әлсіздігі және микроқаржы нарығындағы қаржыландыру шектеулері сияқты негізгі мәселелер қарастырылады. Бұл қиындықтарды шешу қаржы секторының тұрақтылығы мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

**Кілт сөздер:** қаржы секторы, ЖІӨ, мемлекеттік аудит, есеп, трансформация.

**Аннотация.** В данной статье обсуждается роль системы государственного аудита и учета в процессе трансформации финансового сектора Казахстана. Государственный аудит и учет повышают прозрачность финансовой системы за счет контроля эффективности бюджетных ресурсов и обеспечения достоверности финансовой отчетности. В статье рассматриваются основные вопросы банковского сектора, такие как риски кредитования, слабое развитие страхового и фондового рынков и ограничения финансирования на микрофинансовом рынке. Решение этих проблем позволит повысить стабильность и эффективность финансового сектора.

**Ключевые слова:** финансовый сектор, ВВП, государственный аудит, учет, трансформация.

**Annotation.** This article discusses the role of the state audit and accounting system in the transformation of the financial sector of Kazakhstan. State audit and accounting increase the

transparency of the financial system by monitoring the effectiveness of budget resources and ensuring the accuracy of financial statements. The article discusses such key issues as the risks of lending to the banking sector, the weak development of insurance and the stock market, and the restrictions on financing in the microfinance market. Solving these difficulties will increase the stability and efficiency of the financial sector.

**Keywords:** financial sector, GDP, government audit, accounting, transformation.

**Кіріспе.** Қазақстанның қаржы секторы еліміздің экономикасын дамытудағы маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Қазіргі таңда оны трансформациялау мегатрендтер мен жергілікті қиындықтар есебінен алға қойылып жатыр. Ол үшін көптеген мәселелер қозғалып, оларды шешу үшін мемлекеттік аудит пен есеп жүйесінің араласуы айырықша маңызды.


Мемлекеттік аудит пен есептілік – мемлекеттік аудит объектісінің қаржылық және басқару ақпаратының сапасын бақылау, есептің дұрыстығын талдау және бағалау іс-шаралары. Олардың басты мақсаты мемлекеттік органдардың қызметін бақылау, бюджеттік ресурстардың тиімді пайдалану, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етіп, қаржылық секторына сенімділікті арттыру. Мемлекеттік аудит қаржы секторын ашық және есеп беруші органы қалыптастыруға үлесін қосады. Ал есеп жүйесі қаржы есептілік ақпаратының дәлді, шынайы және сенімді болуын қамтамасыз ету арқылы инвестициялық шешімдердің қабылдауына негіз болады.

Бұл мақалада мемлекеттік аудит пен есеп жүйесінің қаржы секторын трансформациялаудағы туындап жатқан өзекті мәселелері қарастырылып, қандай әсерге ие болатыны туралы талқыланатын болады.

**Қаржы секторы және оның трансформациялану жағдайы.** 2024 жылдың 18 қыркүйегі мен 1 қазаны аралығында Николас Бланшет мырза бастаған Халықаралық валюта қорының миссиясы Қазақстан Республикасымен 2024 жылғы IV бап бойынша консультациялар шеңберінде Астана мен Алматыда талқылаулар өткізілген болатын. Сапардың соңында миссия биліктің қаржы секторының тұрақтылығын арттыру бойынша жүргізіліп жатқан күш-жігерін бағалауға сілтеме жасайтыны туралы келесі мәлімдемелер бар:

2023 жылғы Қаржы секторын бағалау бағдарламасының ұсынымдары негізінде 2023 жылдың желтоқсанында егжей-тегжейлі жол картасы бекітілді. Өткен кезеңде реттеуші органның институционалдық дербестігі нығайтылды, шоғырландырылған және тәуекелге негізделген қадағалауды жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілуде. Макропруденциалдық саясаттың жаңа құралдары енгізіліп, ҚҰБ өкілеттігі күшейтілді. Дегенмен, бөлшек несиелендірудің қарқынды өсуін ескере отырып, үй шаруашылығы секторының осалдығын дәлірек бағалау үшін деректер олқылығын жою қажет. Ақырында, ішкі нарықта АХҚО қызметінің кеңейіп реттеуші бөліктерге байланысты тәуекелдерді арттырады және осы тәуекелдерді шектеу үшін қажетті қорғаныс шараларын қабылдау қажет. [1]

Қаржы секторының маңызды ажырамас бөлігі ретінде айтылатын банк секторының жағдайы туралы айтатын болсақ, болжам бойынша ЖІӨ көрсеткіші 2024 жылы 3,9 пайызға дейін жетіп, экономиканың сыртқы секторында ағымдағы шот тапшылығы 2024 жылы ЖІӨ-нің 1,3 пайызын құрайды. Яғни, ол 2023 жылғы 5,1 пайыздық көрсеткіштен төмен түседі және осыған басты себеп ол мемлекеттік шығындардың жоғары болуы болса керек. Ал инфляция жағдайы тамыз айында 8,4 пайызға төмендеген, 2024 жылдың соңына қарай 8,3 пайызды құрайды деген тағы бір болжам бар. Тұтастай қарастыратын болсақ, банк жүйесі несиелеудің жоғары өсу қарқынын сақтау арқылы ғана тұрақты жағдайда қалады. Кейін 2025 жылы ЖІӨ 4,8 пайызға жоғары бюджеттік шығындардың жалғасуымен және «Теңіз» кен орнын кеңейту жобасын іске қосу есебінен өсім болуы мүмкін. Орта мерзімдік перспективада 2027-2028 жылдарына қаратай ЖІӨ 3,5 пайызға дейін жетіп, ал инфляция көрсеткіші 5 есе төмен түседі деп күтілуде. (1-кесте)



Кесте 1. ЖІӨ көрсеткіштері  
Ескерту – автормен құрастырылған

Бірақ бұл болжамдардың нашарлап кету жағдаяты да бар. Оған себеп ретінде ірі экономикалық бағыттарда баяу өсу, аймақтық қақтығыстардың күшеюі және қайталама санкциялар, шикізат бағасының құбылмалдылығының артуы немесе КҚК құбырларындағы үзіліс болуы мүмкін. Сондықтан да мемлекеттік аудит пен есептің бұл бағытта бақылау, реттеу жүргізу маңызы жоғары. Кірістер мен шығыстар туралы нақты деректерді сараптау және қаржылық мониторинг арқылы экономикалық саясатты тиімді жоспарлауға әкеледі.

Қаржы секторын реттеу және трансформациялаудағы негізгі жетістіктер [2]:

1) Тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру және күйзеліс кезеңдерінде банк секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің Базель III стандарттары енгізілді. 2015-2019 жылдар аралығында бұл жүйеге кезең-кезеңімен көшу жүзеге асырылған. Бұл кезеңде банктер капиталының резервтерін қалыптастыру үшін капиталдың үш буферіне (консервациялық, контрциклдік және жүйелік) талаптар енгізілді, нарықтық тәуекелдерді бағалау әдістемесі мен тәуекелдерді басқару және банктердің ішкі бақылауы бойынша нормативтік талаптар пакеті қабылданған;

2) Қаржы нарығының секторларында қадағалаудың және дәлелді пайымдаудың тәуекелге негізделген моделі енгізілді. Бұл қадағалаудың орталық элементі рөлін Еуропалық Одақтың SREP қадағалау моделі ойнайды, ол банктердің қаржылық жағдайындағы жағымсыз өзгерістерді олардың пайда болуына дейін немесе бастапқы кезеңдерінде анықтауға мүмкіндік береді. Тәуекелге негізделген тиімді қадағалаудың негізгі шарты реттеушінің жағдайға жылдам әрекет ету және оларды шешу жолдарын табу үшін дәлелді пайымдаулар жасау мүмкіндігі болып табылады;

3) Қаржы құралдарының құнын бағалаудың жаңа стандарты ХҚЕС 9-ның «күтілетін залал» моделі негізінде енгізілді. 2018 жылдан бастап банк секторы ХҚЕС (IAS 39) «шығындалған шығын» үлгісінен (IFRS 9) «күтілетін залал» үлгісіне көшті. Бұл модельді енгізу қаржылық активтерді бастапқы тану кезінде және мерзімді негізде күтілетін кредиттік шығындарды бағалауға мүмкіндік береді;

4) Банктердің активтерінің сапасына тәуелсіз бағалау (AQR) жүргізілді. AQR – банктердің активтері мен капиталының жеткіліктілігін егжей-тегжейлі тексерудің жалпы қабылданған халықаралық тәжірибесі. Бұл аудит түрі негізгі қазақстандық банктердің жағдайын толық диагностикалауға мүмкіндік берді. Оның ішінде жұмыс істемейтін активтер мен ықтимал шығындар деңгейін, капитал жеткіліктілігінің нақты деңгейін бағалау, сондай-ақ

банктерді қосымша капиталдандыру және сауықтыру бойынша нормативтік талаптарды негіздеуге жол ашты;

5) Тұтынушылық несиелендіруде несиелік тәуекелдерді шектеу бойынша шаралар қабылданды. Микроқаржы сегментінде азаматтарға несиелік тәуекелдерді реттеу кезең-кезеңімен қатайтылды. 2020 жылдың соңына қарай микроқаржы нарығының барлық қатысушылары, соның ішінде классикалық МҚҰ, онлайн-несиелік беру ұйымдары, несиелік серіктестіктері мен ломбардтар микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдар ретінде тіркелді. 2021 жылы микроқаржы ұйымдарын лицензиялау аяқталған болатын;

6) Жаңа өнімдер мен қызметтерді сынау үшін икемді реттеуші орта құрылды. Қаржы нарығын реттеуде икемділікті қамтамасыз ету, қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттыру және жаңа қаржылық өнімдерді енгізу үшін арнайы реттеу режимін («реттеуші құмсалғыш») енгізді. «Реттеуші құмсалғыш» қаржылық және қаржылық емес ұйымдарға белгілі бір уақыт аралығында арнайы құқықтық режимде, оның ішінде жаңа қызметтер мен қаржы құралдарын енгізу мақсатында жұмыс істеуге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде қаржы делдалдары мен тұтынушылардың шығындарын азайтуға көмектеседі.

**Қаржы секторын трансформациялаудағы мемлекеттік аудит пен есептің өзекті мәселелері.** *«Банк секторында банктер мен олардың еншілес ұйымдарының баланстарында стресстік активтердің жоғары деңгейі сақталуда, бұл банктердің капиталына қысым жасайды және экономиканы несиелендірудің одан әрі кеңеюін тежейді»,* - делінген Қазақстанның 2030 жылға дейінгі қаржы секторын дамыту тұжырымдамасында. [3]

Қаржы секторын талдау барысында банк секторын, сақтандыру секторын, қор нарығын, микроқаржыландыру нарығын қозғамай кетуге болмайды, себебі олар тікелей қаржы секторын құрайтын басты бөліктер болып табылады. (2-кесте)



Кесте 2. Қаржы секторы  
Ескерту – автормен құрастырылған

1. Банк секторы жағдайына тоқталатын болсақ, ең алғашқы мәселе болып несиелендіру жағдайы көзге түседі. Қазіргі кезде несиелендіру маржалық өсім мен жоғары тәуекелдердің есебінен бөлшектік сегментке шоғырландырып жатыр. Оның динамикасына жоғары деңгейде қысым міндеттемелердің әлсіз әртараптандырылуынан және халықаралық тұрақтылық пен жеделдік стандарттарына сәйкес келмейтін қысқа мерзімді депозиттердің тартымды болу себебінен көрсетіліп жатыр. Долларсыздандыру шараларына қарамастан, шетелдік валюта деңгейіндегі депозиттердің мөлшемелер ставкасы жоғары болып қалуда. Бұл есептілік үшін тұрақсыздық пен шығындардың өсуі әсерінен тиімсіздікке әкеледі.

Жүйелік деңгейінде нақты экономикалық сектордың несиелендіруді шектейтін факторы болып төлем қабілетті және қаржылық тұрақты субъектілердің шектеулі саны болып



табылады. Ұлттық банктің есебі бойынша, 2008 – 2019 жылдар аралығында шағын және орта бизнес кәсіпорындар ұзақ уақыт ішінде 40%-ы теріс капиталға ие немесе 80%-дан астам қарыздық жүктемелері бар. Өз кезегінде үлкен кәсіпорындардың 36%-ы теріс капиталға ие немесе толтықтай капиталдандырылмаған.

2. Мемлекеттік аудит пен есеп араласуы арқылы сақтандыру секторын әрі қарай дамыту қиындыққа соғып жатыр, себебі соңғы 10 жыл ішінде сақтандыру секторының динамикасы жақсарып келе жатқанына қарамастан, еліміздің экономикасында оған деген сұраныс әлі де төмен. Сақтандыру секторы активтерінің 2024 жылғы ЖІӨ-дегі пайыздық үлесі тек 2,16%-ды, ЖІӨ-дегі сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 0,91%, жан басына шаққандағы сақтандыру сыйлықақысының қатынасы 55 411 теңгені ғана құрады. Бұл халықаралық көрсеткіштермен салыстырғанда айтарлықтай төмен көрсеткіш.

Нарықтық ынталандыру мен мемлекеттік қолдау жоқтығы сақтандыру секторына деген сенімділік пен қажеттілікті халық арасында төмендетеді. Сондықтан халық жинақтаушы сақтандыруды инвестиция немесе жинақтарды ұлғайту құралы ретінде қолданбайды.

3. Қор нарығы Қазақстан Республикасында өзіндік дамуды алға қоя алмай жатыр. Оған басты себептер ретінде жеткіліксіз институционалдық сұранысты, халық жағынан әлсіз қызығушылық пен инвесторлардың қор нарығына деген төмен сенімділігін айтып кетуге болады. Қазіргі таңда нарықтық субъектілердің әртүрлі мемлекеттік кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары арқылы қомақты қаржыландыруға ие бола алатыны және мемлекеттің экономикадағы рөлі мен квазимемлекеттік сектордағы компаниялардың үстемділігі қор нарығына деген сұранысты төмендетуде.

4. Микроқаржы нарығының дамуына қаржыландыру көздерінің шектеулілігі және филиалдардың өңірлік желісін қолдауға арналған операциялық шығындардың жоғарылығы сияқты факторлар кедергі келтіреді, сонымен қатар бұл микро және шағын бизнестің аумақтық қашықтығына байланысты қиындатылады.

Басты қаржыландыру көздері ретінде халықаралық даму институттары мен қазақстандық коммерциялық банктер болып қала береді. Бірақ бұл микронесиелендіру бағасын айтарлықтай халық және кәсіпкерлік үшін көбейтеді. Бұл фактор микроқаржыландыру нарығының субъектісінің әлеуетін қаржыландыру экономикасында басып жатады.

**Қорытынды.** Қазақстанның қаржы секторын трансформациялау ел экономикасының тұрақтылығын арттыру үшін маңызды қадам болып табылады. Бұл процесте мемлекеттік аудит пен есеп жүйесі шешуші рөл атқарады, олар қаржылық есептіліктің дұрыстығын бақылап, бюджеттік ресурстардың тиімді пайдаланылуын қадағалайды. Қаржы секторының дамуындағы негізгі кедергілер банк секторындағы несиелендіру тәуекелдері, сақтандыру және қор нарығындағы әлсіздік, сондай-ақ микроқаржы нарығындағы қаржыландыру шектеулері болып табылады. Осы мәселелерді шешу қаржы секторының тұрақтылығын қамтамасыз етіп, оның тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Казахстан: Заключение заявления миссии по итогам консультаций 2024 года по соответствию со Статьей IV [Электронды ресурс]. URL: <https://www.imf.org/ru/News/Articles/2024/10/01/MCS-100124-kazakhstan-staff-concluding-statement-for-the-2024-aiv-mission>

2. Концепция развития финансового сектора Республики Казахстан до 2030 года, 17-бет [Электронды ресурс]. URL: [https://www.gov.kz/uploads/2022/9/28/9306f05af8aaa2f7374364b80238633c\\_original.5794055.pdf](https://www.gov.kz/uploads/2022/9/28/9306f05af8aaa2f7374364b80238633c_original.5794055.pdf)

3. КазТАГ, Названы главные проблемы развития финансового сектора Казахстана [Электронды ресурс]. URL: <https://kaztag.kz/ru/news/nazvany-glavnye-problemy-razvitiya-finansovogo-sektora-kazakhstana>